

Дау-жанжалдан қалай алыс жүруге болады?

26 қараша күні жерге орналастыру факультетінің 204 тобының кураторы А.А.Николайчук «Дау-жанжалдан қалай алыс жүруге болады?» атты тақырыпта семинар – тренинг өткізді. Шара барысында теориялық және практикалық дәріс қамтылды.

Қазіргі студенттер арасында келіспеушілік оқиғалар жиі орын алатын тақырыптар сөз болып, бұл түйткілдерді шешудің көздері туралы кеңестер берілді. Қазіргі заманда студенттер арасында, сондай-ақ жеке адамдарда, жоғары және төмен әлеуметтік топтарда туындайтын өзіндік мүдделер қақтығысы қаншалықты көп кездеседі? Бұл жағдай кімдердің арасында дау-жанжал туғызуы мүмкін? Қақтығыстар мен дау-жанжалдың халықаралық деңгейге жетуі мүмкін бе? Осы сұрақтар төңірегінде ой өрбітіп, көптеген сұрақтардың шешімі табылды.

Барлық адам тарихында – бітпейтін қақтығыстар, дау-жанжал, соғыс тарихы. Бұл қақтығыстардың алдын алу, оған жеткізбейтін амал-әрекеттерді қарастыру немесе осы жағдайдан шығудың амал-тәсілдері толыққанды қарастырылды. Практикалық дәріс барысында өткізілген анкеталық сұрақ-жауап нәтижесінде студенттерге мінез – құлықтың кемшін тұстарынан туындайтын дау-жанжалды болдырмау салдары мен осы тақырып аясында бейне баян көрсетілді. Студенттер мен қатысқан көрермен қызығушылығын тудырған кураторлық сағат психологиялық мәдениет деңгейін көтеріп қана қоймай, көптеген қақтығыс туғызатын мәселелердің шешімін тапқандай болды.

